

«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС көздерінен атмосфералық ауаға бөлінетін ластаушы заттардың шекті рұқсат етілетін шығарындылары нормативтері жобасын түзету, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Іс-шаралар жоспары бойынша өткізілген қоғамдық тыңдаудың хаттамасы.

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы әкімінің аппараты.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

- «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС көздерінен атмосфералық ауаға бөлінетін ластаушы заттардың шекті рұқсат етілетін шығарындылары нормативтері жобасын түзету;

- Қалдықтарды басқару жоспары;

- Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;

- Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспары.

(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:

- ҚР ЭГТРМ жанындағы «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ, РМК.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Ақтөбе рельс-арқалық зауыты. Географиялық координаталары: 50°23'62,27"с.е. 57°05'22,42"ш.б.

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы әкімінің аппараты.

(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС. Мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Құрайлы тұрғын массиві, №397 «Б» үй,; БСН: 130240016247; тел.: +77071477020, (7132) 744803, 744831.

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «Lineplus» ЖШС., Ақтөбе қаласы, «Мичуринец» бау-бақша ұжымы, №14Г үй. БСН: 170540028209; Электронды мекенжайы: Line.plus@bk.ru.

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаудың өткізілетін күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күні және уақыты): 2024 жылғы 28 мамыр, Жергілікті уақыт: 10:00, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Қурайлы тұрғын массиві, Жеңіс көшесі №31 үй, Мәдениет үйі. Сондай-ақ, ZOOM бейнеконференция байланысы арқылы. Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты: 2024 ж. 28.05. сағат: 9:50. Қоғамдық тыңдаудың басталған уақыты: 2024 ж. 28.05. сағат: 10:00. Қоғамдық тыңдаудың аяқталған уақыты: 2024 ж. 28.05. сағат: 11:00.

(қатысушыларды тіркеудің басталатын күні, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. №1 және №2 Қосымшада ұсынылады.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. №3 Қосымшада ұсынылады.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда:
<https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=18829>
2024 ж. 23.04.

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ – <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/press/article/details/166772?lang=kk> – 2024 ж. 25.04.

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы

бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Ақтөбе» газеті, 2024 ж. 23.04. №33 (21.481).

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

«Автордио Казахстан» радиотолқыны – 2024 ж. 22.04. эфирлік анықтама.

(теле- немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың видео және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, 1 мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру. Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Құрайлы тұрғын массиві, Жеңіс көшесі №31 үй, Мәдениет үйі ғимараты.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар 4-ші Қосымшада қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдау төрағасы: Құдайберген Руслан Ахатұлы.

Қоғамдық тыңдау хатшысы: Қылышбаев Ғабит Ордабайұлы.

Хатшыны таңдау туралы:

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар саны: «қарсы емес» - 14 адам, «қарсы» - 0 адам, «қалыс қалды» - 2 адам.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

Регламентті бекіту туралы: «қарсы емес» - 14 адам, «қарсы» - 0 адам, «қалыс қалды» - 2 адам.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Қылышбаев Ғабит Ордабайұлы, «Linerplus» ЖШС инженер-эколог.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС көздерінен атмосфералық ауаға бөлінетін ластаушы заттардың шекті рұқсат етілетін шығарындылары нормативтері жобасын түзету, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Іс-шаралар жоспары бойынша қазақ тіліндегі баяндама мәтіні – 4 парақта, презентация – 8 парақта.

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіні осы қоғамдық тыңдау хаттамасына №5 Қосымшада беріледі.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдау хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын, мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі – 6 Қосымшада ұсынылады.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: Баяндаманы «Lineplus» ЖШС инженер-экологи Қылышбаев Ғабит Ордабайұлы презентация түрінде толық көлемде ұсынды.

Құжаттама бірыңғай экологиялық порталдың сайтында (<https://ecoportal.kz/>) орналастырылатын болады.
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы:

Құдайберген Руслан Ахатұлы

Қолы:



Күні: 2024 ж. 29.05.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаудың хатшысы:

Қылышбаев Ғабит Ордабайұлы

Қолы:



Күні: 2024 ж. 29.05.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС көздерінен атмосфералық ауаға бөлінетін ластаушы заттардың шекті рұқсат етілетін шығарындылары нормативтері жобасын түзету, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде өткізілген қоғамдық тыңдау барысында қатысушылардан берілген ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

Өткізу уақыты: 2024 жылғы 28 мамыр, жергілікті уақыт: 10:00.

Өткізу орны: Ақтөбе қаласы, Құрайлы тұрғын массиві, Жеңіс көшесі №31 үй, мәдениет үйі.

№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Жугинисов Сансызбай., Құрайлы ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы: Табиғатқа зиян тимейтіндігіне ешқандай мекеме кепілдік бермейді. Сіздің айтқаныңызға сенеміз. Аз да болса зияны тиеді. Бұл зауыт соңғы үлгіде салынған зауыт. Детальдарды шығару әдісі өте тамаша. Бұл арада мәселе онда емес, мәселе – әкімдікке бөлінген ақша келмейді, ауылда он мыңнан аса халық тұрады, шешілмеген мәселе көп. Сол мәселені шеше аласыздар ма, нақты қандай көмек бере аласыздар?	«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС кәсіподақ комитетінің төрағасы: Біздер атмосфералық ауаға бөлінетін ластаушы заттарды азайтамыз деп отырмыз. Біздің зауыт соңғы үлгіде салынған автоматтандырылған зауыт. Түзілетін қалдықтарды утилизацияға жіберіп жатырмыз. Көмекке келетін болсақ, бұл мемлекетіміздің саясаты. Үлкен зауыт болғандықтан көршілес елді мекендерге көмектесуге міндеттіміз. Біздің зауыттағы басшылар да көмек беруден құр қалмайды деп ойлаймын. Бізге хат жазып, өтініштеріңізді жолдасаңыздар жоғары жақта қарастырылады. Техникамыз азғантай, бірақ басқа жағынан көмек болады деп ойлаймын.	Ескерту алынды
2	Жугинисов Сансызбай., Құрайлы ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы: Ардагерлер кеңесінде жеті адамбыз, олар бізден сұрайды. 1 қазанда қарттар күні өтеді, соған қарттарға қандай көмек бере аласыздар, осы ауылда іс-	«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС кәсіподақ комитетінің төрағасы: Бізге хат жолдаңыздар, іс-шараларыңызды ұйымдастырығыздар, біздер өз тарапымыздан қолдан келген көмекті жасаймыз.	Ескерту алынды




	шаралар ұйымдастырсақ, қандай көмек бере аласыздар?		
3	Батырханов Ж., ауыл тұрғыны: Экологияны жақсартамыз деп жатырсыздар, оған қарсылығымыз жоқ. Жалғыз бізге емес, жалпы Қазақстанға керек зауыт, сол себептен қолдаймыз. Қазіргі уақытта меморандумға отырып жұмыс жасайды. Әркім әр жаққа тартып, Қурайлы ауылы құр қалып қояды. Мүмкіндігінше осы аумаққа жәрдем беру керек, халыққа жәрдем беру керек, өзімізге сұрап жатырған жоқпыз. Түрлі жағдайларға, іс-шараларға жәрдем беру жағын қарастыру қажет. Хатты жазамыз. Әрмен қарай тығыз байланыста болайық, жақсы-жақсы қолдау көрсететін мекемелер бар. Алғыс хаттарымызды береміз. Халықпен бірге ортада жүріңіздер. Меморандумға отырсаңыздар бірінші кезекте Қурайлы ауылына бөліңіздер, содан кейін барып қалған елді мекендерді қарайсыздар.	Құдайберген Р.А., Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы әкімдігінің бас маманы: Ескерту қабылданды. «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС кәсіподақ комитетінің төрағасы: Ескерту қабылданды.	Ескерту алынды
4	Жугинисов Сансызбай, Қурайлы ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы: Ақша басқа жаққа кетіп қалады. Бұл жерде Сіздер жеп қояды деп емес, аудан болғаннан кейін обширно жұмыс жасайсыз. Ал біз ауылдың қамын ойлаймыз. Қаржыны бірінші кезекте біздің ауылымызға бөліңіздер.	Құдайберген Р.А., Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы әкімдігінің бас маманы: Ескерту қабылданды.	Ескерту алынды
5	Жанпейіс Б., ауыл тұрғыны: Келесіде жиналысқа келгенде шешім қабылдай	«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС кәсіподақ комитетінің төрағасы:	Ескерту алынды

	алатын келгені жақсы, шаруаны шеше алатын лауазымды адамдар келгені жақсы.	Ескерту қабылданды.	
6	Телина Қ.Б., ауыл тұрғыны: Көктемде су кетті. Шалым аяғы жұмыс жасамайды, екі баламен су шығардық. Құм сұрадым, құм келген жоқ. Енді мағаш щебенка керек болып тұр.	Батырханов Ж., ауыл тұрғыны: 15-20 күн маңайында Көктастан щебенка келеді, сол кезде Төменгі Қурайлыдағы Еңбек және мектеп көшелеріне щебенка жіберемін.	Ескерту алынды

«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС көздерінен атмосфералық ауаға бөлінетін ластаушы заттардың шекті рұқсат етілетін шығарындылары нормативтері жобасын түзету, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағы

Өткізу уақыты: 2024 жылғы 28 мамыр, жергілікті уақыт: 10:00.

Өткізу орны: Ақтөбе қаласы, Құрайлы а/о, Жеңіс көшесі №31, Мәдениет үйі.

№, р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Таритова И.	инициатор	8708248304	жеке	
2	Кылышбаев Р.О.	инициатор	87779282272	жеке	
3	Алибаева А.К	Ауыл туралы	—	жеке	
4	Нарматжанова М.Д	Ауыл туралы	87475464085	жеке	
5	Жаулов С.А	инициатор	8707142700	жеке	
6	Будайбергали Т.А.	Алматы ауд. әкімі	8747224600	жеке	
7	Нұрабаева Л	Ауыл туралы	—	жеке	
8	Әлмөтенов	А. Б. п.	8705988083		
9	Батпранов Н	Ауыл туралы	87711677241	жеке	
10	Жаппасов Б.	Ауыл туралы	8700999322	жеке	
11	Нұрмашев А.З	Ауыл туралы	87779649650	жеке	
12	Абимов Р.М	Ауыл туралы	8777031884	жеке	
13	Молдосаидов Г.С	Ауыл туралы	87774378667	жеке	

[illegible]

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 24432215001, Дата: 22/04/2024

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории:

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферный воздух от источников ТОО «Актюбинский рельсобалочный завод» 2024-2029 года, ПУО, ПЭК, ППМ

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Актюбинская область, Актобе Г.А., Курайлинский с.о., с.Курайли, ул.Женис, 31, здание Дом Культуры, 28/05/2024 10:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (6 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Актюбинский вестник; Авто Радио

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Актюбинская область, Актобе Г.А., Курайлинский с.о., с.Курайли, ул.Женис, 31, здание Дом Культуры

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "АКТЮБИНСКИЙ РЕЛЬСОБАЛОЧНЫЙ ЗАВОД" (БИН: 130240016247), 8-707-147-7020, Akkulov.S@arbz.kz,

Составитель отчета о возможных воздействиях : TOO Line plus

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов
административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных
слушаний**

исходящий номер: 24432215001, Дата: 23/04/2024

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №24432215001, от 22/04/2024 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферный воздух от источников ТОО «Актюбинский рельсобалочный завод» 2024-2029 года, ПУО, ПЭК, ППМ, в предлагаемую Вами 28/05/2024 10:00, Актюбинская область, Актобе Г.А., Курайлинский с.о., с.Курайли, ул.Женис, 31, здание Дом Культуры(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "АКТЮБИНСКИЙ РЕЛЬСОБАЛОЧНЫЙ ЗАВОД" (БИН: 130240016247), 8-707-147-7020, Akkulov.S@arbz.kz ,

Составитель отчета о возможных воздействиях: TOO Line plus

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).



ҚОБДА, ОЙЫЛ АУДАНДАРЫНДА ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР САЛЫНАДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаров су тасқыны болған Қобда және Ойыл аудандарына барды. Бұл аудандарда жуырда су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға арналған жаңа үйлердің құрылысы басталады.

КӨПІР, ЖАҢА МЕКТЕП ЖӘНЕ БАСПАНА

Бұдан кейін облыс әкімі Ойыл ауданына барды. Мұндағы Шиқұдық, Қаратал, Ойыл ауылдарында болып, тұрғындармен кездесті. Тасқын кезінде су шайған Саралжын және Ойыл селосындағы кіреберіс көпірлердің жай-күйімен танысты.

Бүгінде Шиқұдық ауылында 174 адам тұрады. Көктемгі су тасқыны кезінде елді мекендегі жолды су бұзған. Тұрғындармен кездесу барысында ауылдың белсенді азаматтары облыс әкімінен жол мен көпірді қалыпқа келтіріп беруді сұрады. Жақын күндері елді мекенге жол саласының мамандары келіп, мәселені шешу жолдарын қарастырады.

Шиқұдық орта мектебіне барған өңір басшысы оқушылармен тілдесті. 9 жылдық мектепте қазір 48 бала оқып жатыр, оларға 18 мұғалім сабақ береді. Саманнан салынған мектеп 2000 жылы бой көтерген. Қазір мұнда жаңа мектеп салу қажеттілігі бар. Асхат Шахаров аудан әкіміне бұл мәселені облыс білім басқармасымен келісіп, жоспарға енгізуді тапсырды.

Табиғи апаттан Саралжын ауылдық округі аумағындағы көпір де іске аспай қалған. Қазір халық айналама жолмен қатынап жүр. 2008 жылы салынған көпірдің жалпы ұзындығы — 100 метр. Нысанның тіреуіш бағаналары ауыстырылады. Облыс әкімі құрылысты асықпай салуды, оған сапалы материалдар пайдалануды облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына міндеттеді.

Бұдан бөлек бүгінде аудандағы Ойыл ауылына кіреберіс көпір де жөндеуді қажет етеді. Мұнда су ағысы қатты болып, көпірдің тірегі істен шыққан. Қазір уақытша жол салатын мердігер анықталды. Құрылыс жұмыстары техникалық тексеру қорытындысы шыққан соң басталады. Мұнда «ТенгизСтрой-СервисГрупп» мекемесі тірек бағаналарының жағдайын тексеріп, жер қыртысын зерттеп жатыр.

Ойыл ауданында биылғы су тасқынынан қатты зардап шеккен елді мекен — Қаратал ауылы. Мұнда 236 үйді су басқан. Материалдық шығынды есептейтін комиссия шешімімен 19 үй қайта жөнделетін болды. 178 үйдің іргетасы жаңадан қаланады. 34 қараталдық отбасы аудан орталығына көшу туралы шешім қабылдаған. Өңір басшысымен кездесуде тұрғындарды тұрғын үйлердің «тағдыры» мен ауыл маңындағы бөгеттің құрылысы қызықтырды.

— Өздеріңізге белгілі, су тасқынының салдарын жою — Мемлекет басшысының қатаң бақылауында. Президент айтқандай, табиғи апаттың зардабын көрген әрбір жанға көмек қолын созамыз. Құрылған комиссия шығынды есептеп жатыр, бағасын береді. Соның негізінде біржолғы әлеуметтік төлемді төлеп жатырмыз. Мүлік жарамсыз болса, жаңадан үй саламыз. Малдың

лерінде тездетіп құрылыс жұмыстарын бастау.

— Әріптестермен бірге бізге де су тасқыны кезінде қиын жағдайға тап болған аудандарға қол ұшын беруге ниет білдірдік. Аз уақыттың ішінде қажетті құрылыс материалдарын сатып алып, бүгінде Қобда ауданына жеткізіп жатырмыз. Қолымызға сметалық-жобалық құжаттарды алған соң құрылыс жұмыстарына кірісеміз. Бір айдың ішінде бастапқы жұмыстарды аяқтауды жоспарлап отырмыз. Біздің компания 20 шақты үй салады. Қазір 8 жер учаскесі берілді. Құрылыс жұмыстарына 15 жұмысшы жұмылдырылады, — дейді ол.

Мердігер ұйым өкілдерімен тілдескен облыс әкімі Асхат Шахаров оларға құрылыс жұмыстарын уақтылы және сапалы жүргізуді тапсырды. Өз қаражаты есебінен жаңа үйлер тұрғызуға ниет білдірген компания басшыларына ризашылығын білдіріп, бұл бағытта жергілікті атқарушы органдар жан-жақты қолдау көрсететінін жеткізді.

— Президенттің тапсырмасы бойынша бүгінде меценаттар, мүмкіндігі бар азаматтар қосылып, су тасқыны болған өңірлерге қол ұшын созып жатыр. Біздің облысқа да осындай азаматтар бекітілді. Олар жобаларды қаржыландыруға, құрылыс жұмыстарын жүзеге асыруға атсалысады. Алдағы екі айда барлық құрылыс жұмыстары аяқталуы керек. Біз құрылыс материалдарының уақытында жеткізілуіне, сондай-ақ қолжетімді болуына жағдай жасаймыз. Ал сіздер тұрғын үйлерді сапалы әрі уақтылы тапсыруларыңыз керек. Баспанасы суға кеткен халыққа дер кезінде жағдай жасап, қолдау танытуымыз қажет, — деді Асхат Шахаров.



Ойыл ауданында биылғы су тасқынынан қатты зардап шеккен елді мекен — Қаратал ауылы. Мұнда 236 үйді су басқан. Материалдық шығынды есептейтін комиссия шешімімен 19 үй қайта жөнделетін болды. 178 үйдің іргетасы жаңадан қаланады. 34 қараталдық отбасы аудан орталығына көшу туралы шешім қабылдаған. Өңір басшысымен кездесуде тұрғындарды тұрғын үйлердің «тағдыры» мен ауыл маңындағы бөгеттің құрылысы қызықтырды.

— Өздеріңізге белгілі, су тасқынының салдарын жою — Мемлекет басшысының қатаң бақылауында. Президент айтқандай, табиғи апаттың зардабын көрген әрбір жанға көмек қолын созамыз. Құрылған комиссия шығынды есептеп жатыр, бағасын береді. Соның негізінде біржолғы әлеуметтік төлемді төлеп жатырмыз. Мүлік жарамсыз болса, жаңадан үй саламыз. Малдың

ИНВЕСТИТОРЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі халықаралық инвесторлар делегациясымен, атап айтқанда, «GCL (Group) Holding Limited» компаниясының директоры және вице-президенті Ван Мин, Бейжін төмен температура ғылыми-технологиялық компаниясының президенті Гао Джинлин, «Shenneng Environment» компаниясының президенті Тан Синляньмен кездесті.



Басқосуда облыс әкімі аспан асты елінің өкілдерімен өңірді дамыту бағытындағы стратегиялық, «Бір белдеу, бір жол» халықаралық жобасы аясында бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі жоспарларды талқылады. Кездесудің негізгі тақырыптарының қатарында энергетика, экология, креативті индустрия және инновациялық технологиялар салалары болды.

— Біздің өңірге қызығушылық танытып, арнайы сапармен келгендеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Еліміздің бағыты аймағында ірі өнеркәсіп компанияларының қатысуымен бірқатар индустриялық жобалар тиімді жүзеге асырылуда. Біз креативті индустрия бағытындағы жаңа жобаларды жүзеге асыруға мүдделіміз, — деді Асхат Шахаров.

Кездесу барысында өндіріс саласындағы қауіпсіздік мәселелеріне және өңірдің экологиялық

сын-қатерлерімен күресу үшін жаңа технологиялық шешімдерді өзірлеуге ерекше назар аударылды.

Инвесторлар делегациясы креативті индустрияны дамыту жобаларына қатысуға және жергілікті ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған стартаптарды қолдауға қызығушылық білдірді. Олар сондай-ақ өндірістік және басқару процестерінің тиімділігін арттыру үшін қолдау болатын бірқатар технологиялық шешімдерді ұсынды.

Облыс әкімі инвестициялық жобаны қолдау, инфрақұрылым мәселесін шешу, қолайлы аумақты таңдау бойынша мемлекет және жергілікті билік тарапынан қажетті шаралар қабылданатынын айтты.

Кездесу барысында жобаларды егжей-тегжейлі пысықтау және ынтымақтастықты дамыту бағытында жұмыс тобын құру туралы келісім жасалды.

Денсаулық

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің отбасылық медицина клиникасы базасында үздік тәжірибелер орталығы ашылды.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуов және медицина қызметкерлері, оқытушылар, «Primare Health Care» Ұлттық қауымдастығы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Бірлескен ынтымақтастық шеңберінде интерьер дизайн, материалдық-техникалық базаны жақсарту, ерлер мен әйелдер денсаулығы, салауатты өмір салты кабинеттері, call-орталығы, тренинг орталығы, «Самғау» жастар денсаулық орталығы секілді жаңа құрылымдарды ашу бағытында жұмыстар жүргізілді.

«Primare Health Care» Ұлттық қауымдастығы үздік тәжірибелер орталығының жұмысын ұйымдастыру бағытында психологтерді, әлеуметтік қызметкерлерді жаңа технологияларға оқыту бойынша көмек көрсетті.

Үздік тәжірибелер орталықтарында ашу жобасы — бұл медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартудың жаңа деңгейі.

Жыныс орталығын ашуға үлес қосқан медицина қызметкерлері марапатталды.

Көмшат ҚОПАЕВА.

шығыны үш түрлі жолмен есептелуде. Бастысы — ресми ақпарат көздеріне сену, алыпқашпа әңгімелерге сенбеу. Біршама жұмыс істеп жатыр. Сіздерден де қолдау күтеміз, — деп атап өтті Асхат Шахаров.

Қаратал ауылында үйі құлаған-дардың бірі — 70 жастағы Күләш Рүстенова. Әжей үйіне барған өңір басшысына туған жерінен көшпейтінін жеткізді.

— Судың қарқыны қатты болды. Қалай келгенін байқамай қалдық. Басымыз аман. Жаңадан үй салып береміз деді. Ауылда қаламыз. Ешқайда көшкіміз келмейді. Қорадағы малдың да өтеуі төленеді екен. 369 мың теңге көлемінде бір реттік төлем алдық, жалпы барынша көмек көрсетіліп жатыр, — деді Күләш Рүстенова.

Қазіргі уақытта Ойыл ауданы бойынша 100 айлық есептік көрсеткішті құрайтын әлеуметтік төлем 270 отбасына берілді. Ал бүлінген мүлікке берілген қаржы көлемі — 54 млн теңге. Бұл қаржыны аудандағы 17 отбасы алған.

Жұмыс сапарының соңында Асхат Шахаров Ойыл ауылында бой көтеретін жаңа үйлерге белінген аумаққа барды. Алдын ала есеп бойынша барлық инфрақұрылымы тартылған бұл жерге Екпетап, Жаңабаз және Қаратал ауылының тұрғындары үшін 100-ден аса үй салынады.

МАЛ ШЫҒЫНЫ ТӨЛЕНІП ЖАТЫР

Облыс басшысы бастаған топ аудандағы мал өлекселерінің утилизациялау барысымен танысты.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Құсайын Сәрсембайдың айтуынша, бүгінде су тасқыны салдарынан суға кетіп өлген малдың шығыны 3200-ден асады. Қазірге дейін мал шығыны тіркелген 6 ауданның бесеуінде өлекселерді өртеу жұмыстары толықтай аяқталды. Бұл шараларға республикалық эпизоотияға қарсы отрядтың 19 қызметкері мен облыстағы мамандар тартылған.

— Бүгінде 1120 малды утилизациялау жасалды. Яғни республикадан келген инсертатор құрылғысымен өлексерлер өртеп, жойылды. Осы құрылғымен 2 мыңнан астам мал өлексесі өртелді. Кешеден бері мал иелеріне өтеу шығындары басталды. 165 бас малға 25 миллион теңге қаражат бөлінді. Өтінімдерге сәйкес барлығы өтеледі. Шығынның дені — Ойыл ауданында, — дейді басқарма басшысы.

Облыстық ветеринария басқармасының басшысы Айбек Сембайдың айтуынша, көмілген өлекселердің ауаға еш зияны жоқ. Өртенген мал өлекселерінің күлін ор-шұңқырларға топырақпен көмеді. Мұнда дезинфекция жұмыстары жүргізіледі.

Данагүл ҚАЗИХАН.

Сенбілік



20 ТОННА ҚОҚЫС ЖИНАДЫ

Сенбіде облыс аумағындағы меншік нысанына қарамастан, көптеген мекеме ұжымдары сенбілікке шықты. Бұл күні облыс басшысы Асхат Шахаров Ақтөбе су қоймасының аумағын қоқыстан тазартқан Әлия Молдағұлова атындағы халықаралық әуежай қызметкерлерімен бірге болды. Тазалық шараларына қатысқан 60 қызметкер бұған дейінгі аптада әуежай маңын тазалаған. Ал сенбіде су қоймасы аумағынан 20 тонна қоқыс жиналды.

Сенбілік аясында қаламыздағы ескерткіштердің де алаңдарына тазалық шаралары жүргізілді. Соңғы жылдары Ақтөбеде қоғамдық ұйымдардың өтінішімен көптеген ескерткіштер бой көтерді. Соның бірі — әлем әйгілі ер Едігенің ескерткіші. Аталған ескерткіш маңына Ер Едіге қоғамдық қорының мүшелері, қолдаушы студенттер, ардагерлер, орта буын өкілдері, Ер Едіге жыр мектебінің оқытушылары мен оқушылары, депутат-

тар, қоғамдық кеңес мүшелері жиналып, сенбілікке қатысты. — Біздің ісімізді қолдап, барлық ескерткішті, қоғамдық ұйымдар өз қамқорлықтарына алады ғой деп есептейміз. Келесі сенбідегі көк желек акциясына бәріңізді қатысуға шақырамыз, — дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ахат Мырзаалин. Ақтөбеліктер екі айлық аясында айналаны тазалап қана қоймай, тал-терек егіп, көгалдандыруға да атсалысады.

Айнұр ІЛІЯСҚЫЗЫ.

ЖУРНАЛИСТЕР ТАЗАЛЫҚҚА АТСАЛЫСТЫ

Өңірде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына атсалысушылар қатары апта сайын артып келеді. Сенбі күні қала тазалығын қолдайтын ақтөбеліктер сенбілікке қатысты. Бизнес нысандарының иелері, түрлі мекеме ұжымдары, тұрғын үй алаптары мен көп қабатты үйлердің тұрғындары ертеңгі сағат тоғыздан бастап қаланың өздеріне белгіленіп берілген учаскелеріне жиналды. Бірі тырма, бірі қапшық ұстап, аумақты қоқыстан арылтты.

Қаламыздың Әбілқайыр хан көшесі бойы мен Есет батыр көшесі аралығында орналасқан «Достық» алаңы — әдемі саябақ. Осы алаңды облыстық ішкі саясат басқармасының қызметкерлері, «Ақтөбе Медиа» ЖШС біріктіретін облыстық «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттері мен «Үш таған» журналының ұжымы, қаламыздағы этномәдени бірлестіктердің мүшелері тазалады. Өдетте сенбілікке қатысушылар туралы жазуға келетін баспасөз өкілдері бұл жолы қаламдарын сыпырғыш пен тырмаға алмастырыпты.

Ұжым қызметкерлерін ұйымдастырып, ауқымды сенбілікке алып шыққан «Ақтөбе Медиа» ЖШС-нің директоры Раукен Отыншин: — Қай кезде де тәртіп бар жерде тазалық болады. Өзін



сыйлайтын, тазалықты жақсы көретін тұрғын айналасын, тұрып жатқан аумағын таза ұстауға міндетті. Сенбіде «Достық» саябағын тазалап, «Таза Қазақстан» акциясына үлесімізді қостық. Ақтөбеліктерді жүрген жерлерін ластамай, керісінше, қаламызды таза ұстауға шақырамын, — дейді. Ал ақын, «Үш таған» журналының бас редакторы Ертай Ашықбаев биылғы көктем біраз әбігермен басталғанын, дегенмен барлығы қалпына түсіп келе жатқанын айтты.

— Қаламызға дұрыс көңіл бөліп, таза ұстау, көркейту

— әр ақтөбеліктің парызы. Қала тұрғындары әр сенбі өздері тұрып жатқан аймақты тазалап жүр. Сенбілікке біздің «Ақтөбе Медиа» компаниясы және облыстық ішкі саясат басқармасының қызметкерлері, Қазақстан халқы Ассамблеясының қаламыздағы мүшелері де шығып, атсалысып жатыр. Жүрген жерің, айналаң таза болса, көңіл күй де жақсы болады. Қала тазалығы әр адамның мәдениетінен, тәрбиесінен басталады, — деді ол.

Тазалық шараларына қаламыздағы этномәдени орталықтардың мүшелері де қатысты. — Қаламызда жарияланған тазалықтың екі айлығына біз де өз үлесімізді қосып жатырмыз. Көктем басталғалы біздің бірлестік мүшелері сенбілікке қатысып, қаланың саябақтары мен гүлзарларын тазалап жүр. Сенбілік — тазалық ғана емес, үлкен тәрбие. Аға буынның жасағанын жас ұрпақ көреді, кейін қайталайды деп ойлаймын. Сондықтан Ақтөбенің патриоттарын сенбі сайын осындай тазалық шараларына қатысуға шақырамын, — дейді «Эллада» грек этномәдени орталығының төрағасы Ираклий Козьмов. Сенбіліктің арқасында саябақтар мен гүлзарлар тазарып, сәні кіріп қалды.

Айнұр ІЛІЯСҚЫЗЫ.



Ізгілік

ЖОМАРТ КӘСІПКЕРЛЕР БАСТАМАСЫ

Ақтөбенің жомарт азаматтары су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға көмек қолын созуға дайын. Мәселен, облыстық мәслихаттың депутаты, кәсіпкер Самат Қалдығұлов тасқын суда баспанасы суға кеткен тұрғындарды туған жері — Алға ауданына шақырып отыр. Ол ауылда тұруға ниетті отбасыға үй сыйлап, жұмыс ұсынатынын айтты. Қобдалық кәсіпкер Сәндібай Әлитурлиев ауылдастарына арнап бірнеше үй сатып алуға дайын екенін жеткізді.

Самат Қалдығұлов туған жері — Алға ауданы Аманкелді ауылынан су тасқынынан зардап шеккен 10 отбасына үй тарту етпек. Депутаттың айтуынша, ауылда мал бағуға, сол арқылы мол табыс табуға болады. Бүгінде бұл ауылда мектеп, клуб, фельдшерлік пункт бар. Мекемелер интернетке қосылған.

— Биылғы су тасқыны кезінде қалада қаншама отбасының баспанасына су кіріп, әбгерге түсті. Қазір оларға мемлекет тарапынан қажетті көмек көрсетіліп жатыр. Дегенмен мен қалада жеке баспанаға қолы жетпей жүргендерге немесе қызылдықтарға тап болған отбасыларға қолдау білдірім келеді. Оларға өз қаржымнан үй

тарту етуге дайынмын. Жұмыспен де қамтамасыз етемін, — дейді депутат. Бүгінгі таңда «Реймқұл» шаруа қожалығы ұжымының күшімен Аманкелді ауылында бақша егіп, мал бағуға мүмкіндік мол.

Су тасқынынан зардап шеккен жерлестерді қолдауға «Атамекен» палатасының Өңірлік кеңесінің мүшесі, «Алтын Дала» шаруа қожалығының бас-

шысы Сәндібай Әлитурлиев те өз үлесін қосқысы келеді. Өзінің айтуынша, кәсіпкер Қобда ауданының Жарсай ауылында су тасқынынан зардап шеккен қобдалықтарға арнап төрт үй сатып алуға дайын. Сонымен қатар фермер тұрғын үйді тегін беріп, шаруашылықта жұмысқа орналасуға жәрдемдесетінін де айтып отыр.

— Жерлестеріміз қалыпты өмірге тезірек оралуы үшін біз бұл қиындықты бірге жеңе алатынымызға сенімдімін. Тұрғын үй мен мал-мүлікті жоғалту — үлкен сынақ. Мұндай сәттерде жұмтаж жандарға қолдан келгенше көмек көрсету — біздің міндетіміз, — дейді кәсіпкер. Айнұр ІЛІЯСҚЫЗЫ.

Тазалық

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ БАСТАЛДЫ

Өңірде абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп, қала тұрғындары саябақтарды, скверлер мен басқа да аумақтарды тазартып, көшеттер отырғызып жатыр. Екі айлық тазалық жұмыстарына да ақтөбеліктер белсенді қатысуда. Оған қоса өткен сенбіде «Таза қала» төрт айлық экологиялық акциясының ашылуы өтті. Ақтөбе қаласының 155 жылдығы аясында басталған акцияға облыс әкімі Асхат Шахаров пен қала әкімі Азамат Бекет те қатысты.



Қалалық жастар ресурстық орталығының басшысы Самғат Артығалиннің айтуынша, сенбілікке 250-ге жуық жас қатысып, 370 қап қоқыс шығарылды.

— Сенбіліктің мақсаты — қала жастарының бойына патриотизмді насихаттап, табиғат-

ты аялауға, қорғауға, қоршаған ортаны таза ұстауға шақыру. Экологиялық акцияға қатысушылар құрал-жабдықтармен арнайы футболка кепкалармен қамтамасыз етілді. Тазалық бәрімізге керек. Сондықтан қала тазалығына атүсті қарамай, әрқайсысымыз

өзімізден бастап, сенбілікке атсалысуға шақырамын. Тасқын судың беті қайтқан соң, Қарғалы су қоймасынан бастап қаламыздағы ірілі-ұсақты өзендерде «Таза қала — таза жағалау», «Булақ көрсен, көзін аш» секілді акцияларды ұйымдастырмақпыз, — дейді ол.

Экологиялық акцияға қатысқандар арасында «Есо madeniet» тобының жетекшісі, қалалық мәслихат депутаты Айман Сексенова да бар.

— Ең алдымен, бүгінгі сенбілікке атсалысқан ақтөбеліктерге шексіз алғысымды білдіремін. Жастар арасында экологиялық білімді дамыту, туған қаласының табиғатына қамқорлық көрсетуге бағытталған іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылса, қаламыз көркейер еді. Қаланың тазалығы әрбір шаңырақтан басталады. Тазалықты жақсы көретін, қалаға, далаға жаны аштың әрбір ақтөбелік осы акцияға атсалысуы керек, — дейді ол.

Қолына кетпен-күрек ұстаған жастардың да пікірін білген едік.

— Тазалық — тазалаған жерде емес, айналаны таза ұстаған кезде ғана болады. Сүйікті қаламызды таза ұстау — баршамызға ортақ іс, жас буынға үлгі-өнеге. Өскелең ұрпақты жан-жағын таза ұстауға шақыруымыз керек. Алдағы уақытта тазалықпен қоса, қаланы абаттандыру жұмыстарына қалалық және облыстық жастар ресурстық орталығының жастары жұмылдырылады. Жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тазалық акциясы әр сенбі өткізіледі, — дейді қалалық жастар ресурстық орталығының SMM маманы Дана Снатқызы.

Ақмарал МҰҚАШЕВА.

Брифинг

ТАСҚЫННАН КЕЙІНГІ САҚТЫҚ

Ел арасында су тасқынының санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға, адам денсаулығына әсері туралы алыпқашпа әңгімелер көп. Құзырлы орган өкілдері осы мәселе бойынша жауап беріп, сондай-ақ зардап шеккендерге қандай көмек көрсетіліп жатқаны турасында айтты.



Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Райхан Қойшанованың айтуынша, төтенше жағдай жарияланған Ақтөбе қаласы және облыстың 6 ауданындағы эвакуациялық пункттегі ауысуды мен тамаққа тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп отыр. Өңірдегі мұндай уақытша қоныстың саны — 14. Сонда орналасқан жұртшылықтың арасында ЖРВИ, жіті ішек инфекциясы, А вирустық гепатиті аурулары тіркелген жоқ.

— Ауысудың санитарлық-эпидемиологиялық мониторингі күшейтілді. Су тасқыны басталғаннан бері ауысудың 1326 сынамасы алынды. Соның ішінде 5 сынамадан гигиеналық нормаларға сәйкессіздік анықталды. Бірден су құбырын жуу, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Жалпы, облыс бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты.

Ақтөбе облысының аумағында сібір жарасы бойынша 106 стационарлық-қолайсыз пункт орналасқан, онда ауыл шаруашылығы жануарларының 122 көмілген орны бар. Жыл сайын мал дәрігерлерімен бірлесіп, зерттеулер

үшін топырақ сынамалары алынып, сібір жарасының топырақ ошақтарының жай-күйіне мониторинг жүргізіледі. Өткен жылы 968 топырақ сынамасы зерттелді, сібір жарасының споралары бар бактериялар анықталған жоқ.

Бүгінгі таңда 3 сібір жарасы бар жерлеу орнын (Өйтеке би ауданы Жабасақ ауылдық округінің аумағында, Мәртеке ауданы Сарыжар ауылдық округінің аумағында, Темір ауданы Қайыңды ауылдық округінің аумағында) су басқан. Су кеткеннен кейін зерттеу үшін топырақ сынамалары алынады. Өткен жылдан осы уақытқа дейін адамдар арасында сібір жарасының тіркелмегенін атап өткім келеді, — деді ол.

Аса қауіпті инфекциялар тобына жататын аталған жұқпалы ауруға қарсы қолға алынған істер аятылды.

— Тек сібір жарасына қатысты емес, өз денсаулығыңызды сақтау үшін дүкендерде және базарларда ет сатып алғанда ветеринарлық анықтаманы немесе сертификатты талап етіп, кездейсоқ адамдардан термиялық өңдеуден өтпеген өнім сатып

алудан аулақ болыңыз. Ең бастысы, жеке гигиенаның қарапайым ережелерін ұстануды ұмытпаңыз, — деді облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Райхан Қойшанова.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында «Су басу орындарында ұңғымалар мен құдықтардан, колонкалардан суды міндетті түрде қайнату керек пе?» деген сұрақ қойылды. Оған спикер міндетті түрде суды қайнату қажеттігін, лажы болса бөтелкедегі суды ішуді ұсынатынын айтты.

Ал облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Ақзер Сүлейменова қазіргі таңда эвакуациялық пункттерде 1683 ақтөбеліктің барын, оның 777-сі — бала, 16-сы жүкті әйел екенін тілге тиек етті. Оларға 21 дәрігер, 13 психолог және 24 медбике күнделікті медициналық көмек көрсетіп жатқан көрінеді.

— Су тасқыны болған жерлерде 88 жүкті әйел босанып, 88 бала дүниеге келді.

Облыс бойынша барлығы 327 инфекциялық кереует болса, оның 107-сі ересектерге, 220-сы балаларға арналған. Қосымша 50 кереует орналастыруға мүмкіндік бар.

Су тасқынынан зардап шеккен отбасылардың 250 баласы Алматы, Ақмола, Түркістан, Жамбыл, Қарағанды облыстарындағы сауықтыру орталықтарына жіберіліп жатыр. Оңалту курсы 10-14 күнге созылады.

Облыстық қоймадан медициналық мекемелерге вирусты А гепатитіне қарсы 3046 доза таратылды, 30 мыңнан аса доза күтілуде. Іш сүзегіне қарсы 410 доза таратылып, тағы 2 мың доза енді келеді. Сол сияқты сібір жарасына қарсы 540 доза таратылып, 800 доза таяуда жеткізілмек, — деді Ақзер Сүлейменова.

Мұнымен бірге облыстық ветеринария басқармасының бөлім басшылары Шахидолла Рахымов пен Құлсара Жақыпова өз саласы бойынша атқарылып жатқан шаруаларға тоқталып, су тасқынынан өлген малдың тәртіп бойынша көмілуі бақылауда екенін баян етті.

Айбек СЕРІКҰЛЫ.

«Актюбинский рельсобалочный завод» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2024 жылғы 28 мамыр сағат 10.00-де, Ақтөбе облысы Ақтөбе қ. а., Құрайлы а.о. Құрайлы а., Жеміс к-сі, 31, Мәдениет үйі ғимараты мекенжайында «2024-2029 жылғы «Актюбинский рельсобалочный завод» ЖШС көздерінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындары нормативтерінің жобасын түзету, ҚББ, ӨЗББ, ІОЖ» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертүүлەر және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеу-

меттік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/91682921487?pwd=QXhkdWgwOHVNG1kNOUUtmtpb1ZWdz09> немесе конференция идентификаторы: 916 829 2148. Кіру коды: 6n71D5.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Line.plus @bk.ru және + 7 (708) 214 14 13 телефоны бойынша алуға болады.

Ұсынылған қызмет түрінің операторы: «Актюбинский рельсобалочный завод» ЖШС, БСН: 130240016247, Құрайлы ауылдық округі Құрайлы ауылы Құрайлы тұрғын алабы, 397 «Б» үй, тел.: +7 (707) 147 70 20.

Жобаны әзірлеуші: «Line plus» ЖШС, БСН: 170540028209, Ақтөбе қ., Мичуринцев бау-бақша ұжымы, 14Г, email: Line.plus@bk.ru.

Әсер ету аймағы: Ақтөбе облысы Ақтөбе қ. а., Құрайлы а.о., Құрайлы а.

Географиялық координаттары АРБЗ: 50°23'62.27" с. ш. 57°05'22.42" д. д.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Құрайлы а. 50°27'04.61" с. ш. 57°02'27.89" в. д.



Фото Айзаты АТШЫБАЕВА

МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

На платформе «Один пояс, один путь»

Аким области Асхат Шахаров встретился с делегацией международных инвесторов.

В ней приняли участие директор и вице-президент компании GCL (Group) Holding Limited Вань Мин, президент Пекинской научно-технологической компании низких температур Гао Джинлин, а также президент компании «Shenneng Environment» Тань Синлянь.

Обсуждались стратегические планы развития региона в рамках международного проекта «Один пояс, один путь» и реализации совместных инициатив. Основные темы встречи касались энергетики, экологии, креативной индустрии и инновационных технологий.

– Благодарим за интерес к нашему региону. В западной части страны успешно реализуются крупные промышленные проекты с участием ведущих компаний. Мы заинтересованы в реализации новых идей в направлении креативной индустрии, – заявил Асхат Шахаров.

Было уделено особое внимание вопросам безопасности произ-

водств и разработке современных технологических решений для борьбы с экологическими проблемами региона.

Делегация инвесторов показала заинтересованность также в поддержке стартапов, направленных на эффективное использование местных ресурсов. Гости предложили ряд технологических решений для повышения эффективности производственных и управленческих процессов.

Аким области подтвердил, что местная исполнительная власть примет все меры для поддержки инвестпроектов, решения инфраструктурных вопросов и выбора подходящей территории.

В ходе встречи было достигнуто соглашение о создании рабочей группы для детального изучения проектов и сотрудничества.

Самира КАРИНА

ПАВОДОК-2024



103 миллиона тенге выплатили пострадавшим Уилского района

В эту сумму входят компенсация за материальный ущерб и единовременная социальная выплата.

Аким области с рабочей поездкой побывал в Уилском районе, где встретился с жителями сел Шикудык, Каратал и Уил. Он осмотрел мост между Саралжином и Уилом, который был поврежден во время паводка, а также земельные участки под строительство новых домов в районном центре.

В Шикудыке Саралжинского округа проживает 174 человека. Во время стихийного бедствия дорога в селе была размыта. В ближайшие дни сюда приедут специалисты: они изучат состояние разрушенной проезжей части и моста для принятия мер.

Аким области побывал в Шикудыкской основной школе и пообщался с учениками. Здесь учится 48 детей, которым преподают 18 педагогов. Здание построено из самана в 2000 году. Сейчас возникла необходимость в строительстве новой школы. Асхат Шахаров поручил акиму района согласовать этот вопрос с руководством управления образования и включить в план строительство этого объекта.

Из-за стихийного бедствия также был поврежден мост в Саралжинском сельском округе. Общая длина моста, построенного в 2008 году, составляет 100 ме-



тров. Несущие колонны объекта будут заменены. Аким области поручил руководству управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог основательно укрепить сооружение качественными материалами.

Мост на въезде в село Уил также нуждается в ремонте. Его опора была разрушена мощным потоком воды. Уже определен подрядчик, который приступит к работам после получения заключения о техническом состоянии объекта. Организация «ТенгизСтройСервис-Групп» проверяет состояние опор и изучает устойчивость земляной насыпи вокруг сооружения.

Во время паводка в селе Каратал было подтоплено 236 домов. 19 из них будут отремонтирова-



Фото Айзаты АТШЫБАЕВА

дальнейшей эксплуатации, мы построим новый дом. За потерю скота также выделяем компенсации.

Доверяйте только официальным источникам информации, не верьте слухам. Работа ведется. Мы рассчитываем на ваше понимание и поддержку, – обратился Асхат Шахаров к местным жителям.

Он осмотрел обрушившийся дом 70-летней Куляш Рустановой, которая сказала, что не покинет родной аул.

– Вода прибыла быстро. Мы и не заметили, как это произошло. Сейчас находимся в безопасности. Мне сказали, что построят новый дом. Я не хочу никуда переезжать, бросать родные места. За погибший скот тоже обещаю компенсацию. Единовременную выплату в размере 369 тысяч тенге получили мои дети, помощь оказывается. Нас не бросили в беде, – со слезами на глазах рассказала Куляш Рустановна.

В настоящее время социальные выплаты в размере 100 МРП получили 270 семей из Уилского района. Компенсацию за поврежденное имущество начислили 17 семьям на общую сумму около 54 миллионов тенге.

В завершение рабочей поездки Асхат Шахаров осмотрел участок, отведенный под строительство новых домов в Уиле. В планах – строительство более 100 домов для жителей сел Екпелал, Жанабаз и Каратал со всей необходимой инфраструктурой.

Айжан ШАУКУЛОВА

ЗНАЙ НАШИХ!

Первая олимпийская лицензия

Борец вольного стиля Юсуп Батырмурзаев (125 кг), выиграв в 1/2 финала олимпийского лицензионного турнира для стран Азии в Бишкеке, стал обладателем путевки в Париж.



Воспитанник школы высшего спортивного мастерства в первом поединке одержал победу над соперником из Пакистана со счетом 11:0.

Во второй схватке положил на лопатки хозяина ковра Айала Лазарева.

В полуфинале наш борец со счетом 7:3 одолел представляющего Бахрейн Шамиля Шарипова, обладателя Кубка мира и бронзового призера чемпионата Азии.

Кстати, это первая лицензия на Игры-2024 среди актыобинских спортсменов и 41-я для Казахстана. Добавим, что для Юсупа Батырмурзаева эта олимпиада станет второй.

